Әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Оңтүстік Қазақстан облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушылары мен клуб командаларының басшыларына ай сайынғы ақшалай қаржы төлеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 168 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 30 шілдеде № 2347 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 14 қазандағы № 330 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 14.10.2014 № 330 қаулысымен.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 30-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Оңтүстік Қазақстан облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушылары мен клуб командаларының басшыларына ай сайын ақшалай қаржы төлеуді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә.Бектаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы Б.Оспанов

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы «5» шілде № 168 қаулысына қосымша

Әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін Оңтүстік Қазақстан облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушылары мен клуб командаларының басшыларына төленетін ай сайынғы ақшалай қаржы

Нәтиже	Орын	Төлем көлемі (айлық есептік көрсеткіш)
Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	200 АЕК
	2 орын	175 АЕК
	3 орын	165 АЕК
	4 орын	120 АЕК
	5 орын	100 АЕК
	6 орын	70 АЕК
Жасөспірімдер олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	70 АЕК
	2 орын	50 АЕК
	3 орын	40 АЕК
Азия ойындары	1 орын	140 АЕК
	2 орын	120 АЕК
	3 орын	100 АЕК
Әлем чемпионаты	1 орын	140 АЕК
	2 орын	120 АЕК
	3 орын	100 АЕК
Жастар арасында Әлем чемпионаты (юниорлар)	1 орын	60 АЕК
	2 орын	40 АЕК
	3 орын	30 АЕК
Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты	1 орын	40 АЕК
	2 орын	30 АЕК
	3 орын	20 АЕК
Әлем Кубогі (Әлем Кубогінің кезеңдерінен басқа)	1 орын	60 АЕК
	2 орын	40 АЕК
	3 орын	30 АЕК
Азия чемпионаты	1 орын	60 АЕК
	2 орын	40 АЕК
	3 орын	30 АЕК
Қазақстан Чемпионаты	1 орын	30 АЕК
	2 орын	15 АЕК
	3 орын	10 АЕК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК